

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫНЫҢ ДАМУЫНА ОТБАСЫНЫҢ ҮҚПАЛЫ

Бақытқызы Жансая

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік-ғылымдар факультетінің «Психология»
мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекшілері-Айтышева А.М., Ақымбек Г.Ш.

Жасөспірімдік кезең адамның өз болашағына айрықша үңіліп қарайтын кезең, яғни өзімен-өзі ақылдасып, «жан дүниесіне үңілуге құштар» шағы деуге болады. Адам өзінің сыртқы табиғатын біліп, оның күшін өз игілігіне пайдалану үстінде өз жан дүниесінің жұмбақты сырларын да білгісі келеді. Өзінің ішкі жан дүниесін, алуан түрлі сырларын адам өзі жақсы білсе, ол сыртқы дүниеге күнбе-күн жасайтын үқпалын түсініп, адамзат қоғамына пайдалы істер жасауға тырысады.

Жасөспірім өзіне-өзі сұрақтар қояды. Осыған орай ол өзіне-өзі талдау жасау, әлеуметтік-адамгершілік тұрғыдан өзіне-өзі анықтаудың, реттеудің элементтеріне айналады. Педагогикалық-психологиялық зерттеулер бойынша жеке адамның жасөспірімдік шақта қалыптасатын ерекше маңызды белгісі - өзіне-өзі сыйлау, яғни өзіне-өзі бағалау, өзіне жеке адам ретінде қабылдау немесе қабылдамау дәрежесі [1]. Өзіне-өзі барынша сыйлау оның өзгелерге менменсіумен немесе сын тұрғысынан қарамау емес. Мұның мәнісі адам өзіне өзгелерден нашармын не төменмін деп санамайды, өзіне жақсы көреді деуге болады. Керісінше, өзіне-өзі сыйлаудың төменгі деңгейін – үнемі көңіл толмаушылықты, өзіне жек көруді, өз күшіне сенбеуді көрсетеді. Өзіне-өзі реттеудің дұрыс жүзеге асырылуына кішкене кезінде-ақ көптеген себептер әсер етеді (ата-аналарының көзқарасы, құрдастарының арасындағы жағдай т.б.) [2]. Отбасының жасөспірімдерге психологиялық үқпалы, олардың құндылықтарының қалыптасуындағы маңыздылығы туралы зерттеулер көптеп саналады (Б.П. Парыгин, А.Г. Харчев, С. Голод, З. Янкова, З.И. Файнбург және т.б.). Осы әдебиеттер мен теорияларда қарастырылған мәселелерді талдай келе эксперименттік тұрғыдан зерттеу жасауды мақсат еттік. Біздің болжамымызға сәйкес жасөспірімдердің құндылық бағдарларының қалыптасуына отбасының әлеуметтік және психологиялық сипаты маңызды рөл атқарады.

М.Рокичтің «Құндылық бағдарлауды зерттеу» әдістемесі зерттеушілердің құндылық бағдарын анықтау үшін қолданылды. М.Рокичтің терминалдық құндылықтары жеке және қоғамдық көзқараспен жеке өмір сүрудің қандай да бір түпкі мақсаты (мысалы, бақытты отбасылық өмір, бүкіл әлемдегі әлем) оған ұмтылу үшін тұр деген наным ретінде анықтайды. Инструменталды құндылықтар іс- әрекеттің қандай да бір түрі (мысалы, адалдық, рационализм), кез келген жағдайларда жеке және қоғамдық көзқарастан артықшылық болып табылатынына сенім ретінде қарастырылады [3].


Зерттеуге Нұр-Сұлтан қаласында оқитын 8 сынып оқушылары қатысты (18 зерттелуші).

М.Рокич бойынша құндылықтың бағдары әдістемесінің негізінде жасөспірімдердің өміріндегі басты бағдарлар анықталды (Сурет 1).



Сурет 1. Инструменталды құндылықтар бойынша 8 сынып оқушыларының диагностика нәтижесі

8 сынып оқушыларының диагностика нәтижесі бойынша 13-14 жас аралығындағы жасөспірімдердің қажеттіліктерінің басым көпшілігі бақытты отбасылық өмір, денсаулық, адалдық, тәрбиелік, білім алу, сенімді достарды бағалайтыны байқалды (Сурет 2).




Сурет 2. Терминалды құндылықтар бойынша алынған нәтижелер
4852

Әдістеме келесі нұсқаулық бойынша өткізілді: білім алушыларға терминалды және аспаптық құндылықтар бойынша 18 атау жазылған карточкалар таратылды. Оқушылардың тапсырмасы: өз өміріне басшылыққа алынатын қағидаттар ретінде өздері үшін маңыздылығы бойынша бөлу, яғни ретін нөмірлеу. Бұл жерден шығатын соңғы нәтиже білім алушылардың өмірлік ұстанымын көрсетеді.

Зерттеуге қатысқан барлық жасөспірімдер терминалды құндылықтар бойынша 45% отбасын, 28% денсаулықты, махаббатты және достарын, және де инструменталды құндылықтар бойынша 38% өмір сүйгіштік, 30% адалдық пен тәрбиелілікті өздерінің өмірдегі басты құндылықтары ретінде таңдады.

Зерттелушілердің құндылықтарын анықтай келе 18 қатысушының ішінен «Ш» есімді, «Д» есімді және «А» есімді, «Д» есімді оқушылардың құндылықтарында «Бақытты отбасы» төменгі орынға қойып бағаланғандықтан, олармен «Менің отбасым» әдістемесі өткізілді. Бұл әдістеменің мақсаты баланың ішкі жан дүниесіне үңілу, оның ойы мен уайымын білу. Балалар әлемді ересек адамдар сияқты қабылдамайды. Балалар түрлі эмоциялық күйлерін және уайымдарын сурет салу барысында көрсетеді. Суретте ештеңе кездейсоқ болуы мүмкін емес. Себебі бала заттарды натураға қарап салмайды, ол өз эмоциясын және күйзелісін білдіреді [4].

Зерттеу барысында таңдап алынған жасөспірімдермен салған отбасы суреттері мен құндылық бағдарлары арасындағы байланыстар нақтыланды. Жасөспірімдердің құндылық бағдарларының ерекшеліктері отбасындағы ата-анасының қарым-қатынасымен байланысты екендігін дәлелдей түсу үшін, экспериментке қатысқан 18 оқушының ішінен таңдап алынған зерттелушілердің суреттері мен құндылық бағдарларын талдаймыз.



Сурет 3. Ш есімді баланың отбасы суреті

Бұл суретте өзін-өзі бағалауы төмен, өзін басқалардан бөлек суреттеген. Отбасында қарым-қатынастың үзілгендігін, эмоциялық бірікпеушілігін аңғаруға болады. Суретті түңіріңкі түспен бояған-мазасыздықтың, жабырқаушылықтың белгісі.



Сурет 4. «Д» есімді баланың отбасы суреті

Бұл суретте адам тұрмайтын, көп бос терезелер саны бар, үлкен үй бейнеленген. Суреттегі Күн қорғау мен жылылықтың символы. Отбасы мүшелері салынбаған.

Зерттелуші Д денсаулықты ең жоғарғы құндылыққа бағалағанымен, отбасын материалды құндылық пен қызықты жұмыстан соң белгілейді.



Сурет 5. Оқушы А отбасын бейнелеген суреті

Зерттелуші А суретіндегі бейнелердің арасындағы қашықтық эмоциялық жақындықты немесе керісінше қарым-қатынас үзілгендікті мәлімдейді. Фигуралар бір-бірінен қаншама

алыста болса, соншама олардың эмоциялық бірікпеушілігі үлкен. Отбасында қарам-қатынастың үзілгендігін, эмоциялық бірікпеушілігін аңғаруға болады. Өзін және әкесінің бөлек бейнеленгенін, әкесіне жақын екенін, қызғаныш сезімінің бар екендігін анықтауға болады.

Сонымен, жасөспірімдердің құндылықтар жүйесіне отбасының қаншалықты ықпалы бар екендігін анықтай келе, отбасындағы қарым-қатынастың оған әсер ететіндігі расталды. Себебі бала өзінің неғұрлым қабылдағыш кезеңінде отбасының әсерін бәрінен бұрын сезінеді. Отбасындағы жағдай, оның ішінде ата-ананың әлеуметтік жағдайы, қызметі, материалдық деңгейі, білім деңгейі баланың өмірлік жолын едәуір анықтауға мүмкіндік береді. Ата-ана баласына саналы түрде беретін тәрбиеден басқа балаға отбасындағы атмосфера да әсер етеді. Бұл әсердің ізі жеке тұлғаның құрылымында көрініс тауып, оның жасы есейген сайын көбейе түседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Агеева, Людмила Психологический анализ зависимости подростков от родителей / Людмила Агеева. - М.: LAP Lambert Academic Publishing, 2012. - 999 с.
2. Айхорн, Август Трудный подросток / Август Айхорн. - М.: Эксмо-Пресс, Апрель-Пресс, 2015. - 304 с.. 309.
3. Методика "Ценностные ориентации" / [М. Рокич](#). – Москва // Большая энциклопедия психологических тестов / авт.-сост. [А.А. Карелин](#). – Москва : Эксмо, 2009. – С. 26-28.
4. Тест "Рисунок семьи" / Тейлор К. Психологические тесты и упражнения для детей. Книга для родителей и воспитателей – М., 2005.